

**"Copper Exploratoın Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Баянауыл ауданы Жаңажол ауылдық округі аумағында қауымдық сервитут белгілеу туралы**

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Жаңажол ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 28 қазандағы № 1-03/06 шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 19-бабы 1-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 1-тармағы б) тармақшасына сәйкес және 2022 жылғы 06 желтоқсандағы №1917-ЕЛ пайдалы қатты қазбаларды барлауға берілген лицензияның негізінде Жаңажол ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймастан Баянауыл ауданы Жаңажол ауылдық округі аумағында қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Copper Exploratoın Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі:

1) жер учаскілерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеу, шығындардың мөлшері және оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен анықтау келісім бойынша жүргізілсін.

2) пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу мақсатында жер учаскелерін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтасын;

3) жұмыстар аяқталғаннан кейін бүлінген жер учаскелерін одан әрі тікелей мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтірсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңажол ауылдық округінің әкімі

С. Кенжалин

Баянауыл ауданы  
Жаңажол ауылдық округі  
әкімінің 2024 жылғы  
"28" қазандағы № 1-03/06  
шешіміне қосымша

Р/с №	Пайдаланушы	Ауданы, гектар	Нысаналы мақсаты	Пайдалану мерзімі (жыл)	Жер телімінің орналасқан жері
1	"Copper Exploratoın Group" жауапкершілігі	321,3	Қатты пайдалы қазбаларға		Баянауыл ауданы

	шектеулі серіктестігі		барлау жүргізу үшін	2028 жылдың 06 желтоқсанына дейін	Жаңажол ауылдық округі аумағында
--	-----------------------	--	---------------------	-----------------------------------	----------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК